



БҰЙРЫҚ

2024 25.09

Қостанай қаласы

ПРИКАЗ

№ 176

город Костанай

Диссертациялық кеңестің ережесі мен тұрақты құрамын бекіту туралы

«Диссертациялық кеңес туралы үлгі ережені бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011 жылы 31 наурыздағы № 126 бұйрығының 2-тарау 5,10-тармағын, 3-тарау 14-тармағын іске асыру мақсатында, сондай-ақ Академия Ғылыми кеңесінің шешімі, 2024 жылғы 23 қыркүйектегі № 1 хаттамасы негізінде, **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы ІІМ Шырақбек Қабылбаев атындағы Қостанай академиясының диссертациялық кеңес туралы ережесі бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы ІІМ Шырақбек Қабылбаев атындағы Қостанай академиясы диссертациялық кеңесінің мынадай тұрақты құрамы бекітілсін:

Төраға - А.Б. Скаков – Қазақстан Республикасы ІІМ Шырақбек Қабылбаев атындағы Қостанай академиясының қылмыстық құқық және криминология кафедрасының профессоры, заң ғылымдарының докторы, профессор.

Диссертациялық кеңестің мүшелері:

М.Р. Муканов – диссертациялық кеңес төрағасының орынбасары, Қазақстан Республикасы ІІМ Шырақбек Қабылбаев атындағы Қостанай академиясының жоғары білімнен кейінгі білім беру факультетінің бастығы, философия докторы (PhD), қауымдастырылған профессор (доцент);

Е.Е. Қайнар – Қазақстан Республикасы ІІМ М.Бөкенбаев атындағы Ақтөбе заң институты бастығының орынбасары, философия докторы (PhD), қауымдастырылған профессор (доцент);


Д. Қалқаманұлы – диссертациялық кеңестің хатшысы, Қазақстан Республикасы ІІМ Шырақбек Қабылбаев атындағы Қостанай

академиясының жалпы құқықтық пәндер кафедрасының бастығы, философия докторы (PhD).

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Академия бастығының ғылыми жұмысқа жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

4. Бұйрық мүдделі тұлғаларға жариялансын.

Қазақстан Республикасы
Ішкі істер министрлігінің
Шырақбек Қабылбаев атындағы
Қостанай академиясының бастығы
полиция генерал-майоры



А. Дәрменов

КОДИФИКАЦИЯ

Қосымша
Академия бастығының
бұйрығымен бекітілді
2024 жылғы «25» 09
№ 176

ЕРЕЖЕ

Қазақстан Республикасы ІІМ Шырақбек Қабылбаев атындағы Қостанай академиясының диссертациялық кеңесі туралы

I. Жалпы ережелер

1. Осы Қазақстан Республикасы ІІМ Шырақбек Қабылбаев атындағы Қостанай академиясының (бұдан әрі – Академия) диссертациялық кеңесі туралы ереже (бұдан әрі – ереже) Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 18 ақпандағы № 407-IV ҚРЗ, «Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319-III ҚРЗ Заңдарына сәйкес, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің «Диссертациялық кеңес туралы үлгілік ережені бекіту туралы» 2011 жылғы 31 наурыздағы № 126 (бұдан әрі – Үлгілік ереже), «Дәрежелер беру қағидаларын бекіту туралы» 2011 жылғы 31 наурыздағы № 127 (бұдан әрі-Үлгілік ереже) бұйрықтарымен – «Философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор ғылыми дәрежесін алуға қорғалған диссертацияларды мемлекеттік тіркеу қағидаларын бекіту туралы» 2011 жылғы 19 мамырдағы № 203 және «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2022 жылғы 20 шілдедегі № 2 бұйрығымен әзірленді.

2. Диссертациялық кеңес-ғылыми-педагогикалық бағыт бойынша докторантура бағдарламасын меңгерген тұлғалардың диссертациялық жұмыстарын қорғауды жүргізетін академия жанындағы алқалы орган.

II. Диссертациялық кеңестің қызметін ұйымдастыру

3. Диссертациялық кеңес Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету Комитетінің (бұдан әрі – Комитет) шешімі бойынша күнтізбелік 3 (үш) жылға құрылады.

Диссертациялық кеңестің қызметін ұйымдастыру туралы комитеттің шешімі комитет қабылданған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде оның интернет-ресурсында орналастырылады.

4. Диссертациялық кеңестің құрамына ғылыми дәрежесі (ғылым докторы, ғылым кандидаты, философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор) немесе философия докторы (PhD), бейіні бойынша

КОДИФИКАЦИЯ

доктор академиялық дәрежесі немесе философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор дәрежесі бар 7 (жеті) адамнан көп емес.

Оның ішінде кемінде 1/3 (үштен бір) басқа жоғары оқу орындарының, ғылыми және басқа ұйымдардың өкілдері құрайды, қалғандары Академияның штаттық қызметкерлері болып табылады. Докторлық зерттеу тақырыбына байланысты докторантты қорғау кезеңіне диссертациялық кеңестің уақытша мүшелерін тағайындауға жол беріледі.

Ғылыми консультанттар, сондай-ақ докторантпен немесе оның ғылыми консультантымен үлестес тұлғалар диссертациялық кеңестің уақытша мүшелері болып тағайындалмайды:

1) жақын туыстары – ата-аналары (ата-анасы), балалары, асырап алушылары, асырап алынғандары, ата-анасы бір және ата-анасы бөлек аға-інілері мен апа-сіңлілері, атасы, әжесі, немерелері;

2) докторант тапсырыс беруші немесе орындаушы (бірлесіп орындаушы) болып табылатын диссертация орындалған және (немесе) ғылыми-зерттеу жұмыстары жүргізіліп жатқан ЖЖОКБҰ және (немесе) ғылыми ұйымның құрылымдық бөлімшелерінің басшылары мен қызметкерлері;

3) соңғы 3 (үш) жыл ішінде бірлесіп жарияланған мақалалар мен шолулардың бірлескен авторлары;

4) соңғы 3 (үш) жылда диссертацияның мазмұны жөніндегі комитеттің теріс шешімін алған диссертациялар бойынша оң қорытынды берген ғылыми кеңесшілер немесе ресми рецензенттер болған мамандар.

5. Диссертациялық кеңестің құрамына кірмейтіндер:

1) Академия бастығы;

2) Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің қызметкерлері;

3) соңғы 5 (бес) жыл ішінде диссертация мазмұны комитетінің теріс шешімін алған ғылыми кеңесшілер, диссертация жетекшілері болған мамандар.

6. Академияның диссертациялық кеңесінде 3 (үш) мүшенің соңғы 5 (бес) жылда комитет бекітетін ғылыми қызметтің негізгі нәтижелерін жариялау үшін ұсынылатын ғылыми басылымдар тізбесіне (бұдан әрі – басылымдар тізбесі) енгізілген журналдарда кемінде 10 (он) жариялануы болады.

7. Тұрақты құрам және ондағы өзгерістер, сондай-ақ кеңестің төрағасы, төрағасының орынбасары және ғылыми хатшысы Академияның ғылыми кеңесінің шешімі негізінде бастықтың бұйрығымен бекітіледі.

8. Академия келесілермен қамтамасыз етеді:

1) диссертациялық кеңестің отырыстарын өткізу және диссертацияларды жария қорғау үшін, оның ішінде ақпараттық-коммуникациялық технологияларды, бағдарламалық және техникалық құралдарды қолдану арқылы қажетті жағдайлармен;

2) плагиатты тексеру жөніндегі комиссияның болуымен;

3) диссертациялық кеңестің қызметіне байланысты шығыстарды, оның ішінде диссертациялық кеңес мүшелерінің іссапар шығыстарын өтеу.

9. Диссертациялық кеңесті жабуға негіз болып табылатындар:

1) осы кеңесте қорғалған диссертациялар жөніндегі Комитеттің 3 (үш) және одан да көп шешімдері, соның негізінде докторанттың дәрежесін беруден бас тарту немесе диссертацияны қайта қорғауға жіберу;

2) докторантура кадрларын даярлаудың тиісті бағыттары бойынша білім беру қызметімен айналысуға лицензиядан айыру;

3) үлгілік ереже талаптарының бұзылуы анықталған 5 (бес) қорғауын жүргізу.

10. Диссертациялық кеңес жабылғаннан кейін осы кеңестің білім беру бағдарламалары бойынша диссертациялық кеңесті қалыптастыру құқығы кемінде 1 (бір) жылдан кейін беріледі.

Диссертациялық кеңестің үлгілік ереже талаптарын бұзуы диссертациялық кеңестің тұрақты құрамын ауыстыру үшін негіз болып табылады яғни (3 үш) рет қорғауды бұзушылықпен жүргізілетін болса.

III. Диссертациялық кеңестің функциялары

11. Диссертациялық кеңестің функциялары:

1) диссертацияны қорғауға құжаттарды қабылдау;

2) қажет болған жағдайда диссертациялық кеңестің уақытша мүшелерін, қорғау күнін және ресми рецензенттерді тағайындау;

3) диссертациялық кеңес мүшелерінің құрамынан докторанттың авторы мен дереккөзіне сілтеме жасалмаған бөтен материалды пайдаланғанын (плагиатқа) тексеру үшін комиссия (бұдан әрі – Диссертациялық кеңестің комиссиясын) құру;

4) диссертацияны жария қорғауын жүргізу;

5) диссертациялық жұмысты қорғаудан алу;

6) диссертация бойынша шешім қабылдау;

7) осы Ережеде белгіленген өзге де функцияларды жүзеге асырады.

Диссертациялық кеңес диссертацияларды қорғау бойынша қабылданатын шешімдердің сапасына, объективтілігіне және негізділігіне жауап береді.

12. Күнтізбелік жыл аяқталғаннан кейін диссертациялық кеңес осы Ереженің 1-қосымшасына сәйкес нысан бойынша диссертациялық кеңестің жұмысы туралы есепті Комитетке ұсынады.

13. Диссертациялық кеңестің мүшелері:

- 1) өзі туралы, өзінің ғылыми қызметі туралы объективті, толық және анық мәліметтер береді;
- 2) диссертацияны қорғауға қатысты деректерді жасыруға жол бермейді;
- 3) ғылыми әдепті бұзу фактілеріне жауап береді;
- 4) шешім қабылдау кезінде қоғамдық пікірдің, тараптардың бірінің немесе үшінші тұлғалардың ықпалынан босатылады;
- 5) мүдделер қақтығысын болғызбау және реттеу жөнінде шаралар қабылдайды;
- 6) қызмет барысында диссертациялық кеңестің басқа мүшелерінің, докторанттардың, ғылыми консультанттардың және ресми рецензенттердің ар-намысы мен қадір-қасиетіне нұқсан келтіретін дерекі, қорлайтын сөздер, айыптаулар қолданбайды.

Осы тармақта көрсетілген талаптарды сақтамау фактілері анықталған жағдайда, диссертациялық кеңестің мүшесі Төрағаның ұсынуы бойынша Академияның Ғылыми кеңесінің шешімімен оның кеңесінен шығарылады.

14. Төрағаның функциялары:

- 1) диссертациялық кеңестің қызметіне жалпы басшылықты жүзеге асырады;
- 2) диссертациялық кеңестің отырыстарын өткізеді;
- 3) белгіленген талаптарға сәйкес диссертацияны қорғауды жүргізу құқығының сақталуын қамтамасыз етеді;
- 4) диссертациялық кеңестің қызметі мен жұмысын ұйымдастыруға жауапты болады;
- 5) Академия басшылығымен, мемлекеттік органдардың, жоғары оқу орындарының, ғылыми және басқа да ұйымдардың өкілдерімен өзара іс-қимыл жасайды.

15. Егер төраға қорғалатын диссертация бойынша ғылыми кеңесші болып табылса, сондай-ақ Төраға болмаған жағдайда, орынбасар диссертациялық кеңестің отырысын өткізу жөніндегі төрағаның функцияларын орындайды.

16. Диссертациялық кеңестің ғылыми хатшысының функциялары:

- 1) докторант қорғауға ұсынған құжаттарды қабылдау рәсімін және диссертацияны қорғауды ұйымдастырады;
- 2) докторант ұсынған құжаттарды тіркейді және оларды диссертациялық кеңеске ұсынады;
- 3) диссертацияны «плагиатқа қарсы» жүйесі бойынша тексеруге, ЖЖОКБҰ кітапханасына, Қазақстан Республикасының Ұлттық академиялық кітапханасына және Қазақстан Республикасының Ұлттық кітапханасына ресми рецензенттерге жібереді.

4) диссертациялық кеңестің отырыстары үшін құжаттарды, Комитетке алдағы қорғау туралы хабарламаларды дайындайды;

5) диссертациялық кеңестің қворумын қамтамасыз етеді;

6) диссертациялық кеңестің қызметі бойынша хат-хабар жібереді;

7) осы Ереженің 24-тармағында санамаланған докторанттарды қорғау және диссертациялық кеңестің қызметі туралы материалдар мен ақпаратты Академияның интернет-ресурсында (мемлекеттік құпияларды немесе қызметтік пайдалануға арналған мәліметтерді қамтитын материалдар мен диссертациялардан басқа) орналастырады;

8) диссертациялық кеңестің отырысына, оның ішінде бағдарламалық және техникалық құралдарға дайындықты жүзеге асырады;

9) ИО-да құжаттау және құжаттаманы басқару қағидаларына және құпиялылық режимін қамтамасыз ету жөніндегі ұйымдық-өкімдік актілерге сәйкес диссертациялық кеңестің іс қағаздарын жүргізеді;

10) комитетке жіберу үшін құжаттар топтамасын дайындауды жүзеге асырады;

11) осы Ереженің 1-қосымшасына сәйкес диссертациялық кеңестің жұмысы туралы жылдық есепті қалыптастырады.

Хат-хабар ғылыми хатшының ресми корпоративтік поштасынан жіберіледі. Ғылыми хатшының міндеттерін өзге адамдарға, оның ішінде докторантқа жүктеуге жол берілмейді.

17. Қорғауды жүргізу үшін диссертациялық кеңеске құжаттарды тапсырғанға дейін докторант бейінді құрылымдық бөлімшенің (кафедралардың, орталықтардың) кеңейтілген отырысында диссертацияны алдын ала талқылаудан өтуі қажет. Құрылымдық бөлімшенің оң шешімі болған жағдайда докторант кеңейтілген отырыстан өту үшін ғылыми қызметке жетекшілік ететін Академия бастығының орынбасарының атына баянат дайындайды.

Кеңейтілген отырыс өткізілгенге дейін 1 (бір) ай бұрын диссертация ғылыми дәрежесі (ғылым докторы, ғылым кандидаты, философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор) немесе философия докторы (PhD) академиялық дәрежесі, бейіні бойынша доктор немесе философия докторы (PhD), доктор дәрежесі бар 2 (екі) маманға рецензияға жіберіледі докторанттың ғылыми зерттеулер саласындағы бейіні бойынша.

Рецензенттердің оң қорытындысы болған жағдайда, осы айдың ішінде диссертацияны кеңейтілген отырыста талқылау күні белгіленеді. Теріс қорытынды болған жағдайда жұмыс кемшіліктерді жою үшін декларантқа қайтарылады және рецензенттердің оң қорытындысынан кейін ғана талқылауға жатады. Егер оң пікірлердің бір бөлігі және теріс пікірлердің бір бөлігі болса, жұмыс жалпы тыңдау,

талқылау және түпкілікті шешім қабылдау үшін кеңейтілген отырысты талқылауға шығарылады.

Кеңейтілген отырысқа бейінді құрылымдық бөлімше мүшелерінің кемінде 2/3 (үштен екісі), рецензенттер, ғылыми кеңес мүшелері, ғылыми консультанттар, сондай-ақ сабақтас (туыстық) кафедралардың және (немесе) құрылымдық бөлімшелердің, ғылыми және басқа ұйымдардың өкілдері, практика мамандары (қолданбалы сипаттағы диссертациялар үшін) қатысады. Диссертацияны қорғауға ұсыну туралы шешім қарапайым көпшілік дауыспен қабылданады. Егер диссертация дәрежелер беру қағидаларының 4, 5 және (немесе) 6-тармақтарына сәйкес келмесе, диссертацияны қорғауға ұсынылмайды.

18. Кеңейтілген отырысты өткізу үшін мыналар ұсынылады:

1) брошюраланбаған түрдегі, құпия жұмыстар кезінде брошюраланбаған түрдегі диссертация (5 данада);

2) 3 (үш) тілдегі аннотация (қазақ, орыс, ағылшын);

2) тағайындалған 2 (екі) ішкі рецензенттің пікірлері;

3) ғылыми консультанттардың пікірлері;

4) ғылыми және зерттеу жұмыстарын плагиатқа тексеру жөніндегі комиссияның қорытындысы (мемлекеттік құпияларды немесе қызметтік пайдалануға арналған мәліметтерді қамтитын диссертациялар үшін);

5) Академияның Ғылыми кеңесінің ғылыми хатшысы куәландырған ғылыми еңбектер тізімі және ғылыми жарияланымдардың бедерлері;

6) қорғауға ұсыным туралы кафедра, орталық отырысының хаттамасынан үзінді;

7) диссертациялық жұмыстың жан-жақты сипаттамасын және жария қорғауға жіберу туралы дәлелді қорытындыны қамтитын 2 (екі) рецензенттің пікірлері.

Консультанттар болмаған жағдайда, отырыста докторанттың диссертациясы бойынша олардың пікірлерін төрағалық етуші немесе хатшы оқиды.

19. Диссертацияны кеңейтілген отырыста талқылау мыналарды қамтиды:

1) төрағалық етушінің кворум, отырысты өткізу құқығы туралы кіріспе сөзі, докторанттың ұсынысы, диссертациялар тақырыбы;

2) докторанттың сөз сөйлеуі;

3) отырысқа қатысушылардың сұрақтары – докторанттың жауаптары;

4) ғылыми консультанттардың сөз сөйлеуі немесе олар болмаған жағдайда төрағалық етушінің ізденушінің диссертациясы бойынша пікірлерін жария етуі;

5) мамандардың сөз сөйлеуі және олардың рецензияларын жариялау;

6) докторанттың рецензенттердің ескертулері мен ұсыныстарына жауаптары;

7) кеңейтілген отырысқа қатысушылардың талқылауы;

8) ашық дауыс беру арқылы шешім қабылдау. Егер отырысқа қатысқан адамдардың 2/3 (үштен екісі) және одан да көп бөлігі оған дауыс берсе, кеңейтілген отырыстың шешімі оң қабылданды деп есептеледі. Егер отырысқа қатысқан адамдардың 2/3 (үштен екісінен азы) оң шешімге дауыс берсе, теріс шешім қабылданады.

Диссертацияны қорғауға ұсынылған ескертулерді докторант диссертацияны диссертациялық кеңеске бергенге дейін олармен келіскен жағдайда жояды.

20. Қорғауға ұсыным беру немесе ұсынбау туралы шешім қорытынды түрінде ресімделеді, оған кеңейтілген отырыстың төрағасы мен хатшысы қол қояды және ғылыми қызметке жетекшілік ететін Академия бастығының орынбасары бекітеді.

Кеңейтілген отырыста зерттеу жұмыстарын жазуда бұзушылықтар анықталған жағдайда, диссертация кемшіліктерді жою үшін докторантқа қайтарылады.

Қорытындыда:

1) докторант оқыған мамандықтың тақырыбы мен диссертациясының сәйкестігі;

2) зерттеу тақырыбының өзектілігі;

3) ғылыми нәтижелер және олардың негізділігі;

4) ғылыми нәтижелердің практикалық және теориялық маңыздылығы;

5) диссертацияның дәрежелерді беру қағидаларының 4-7-тармақтарының талаптарына сәйкестігі;

6) ескертулер мен ұсыныстар;

7) талқылау жөніндегі қорытындыда: жария қорғауға жіберіледі; кемшіліктерді жою ескеріле отырып, жария қорғауға жіберіледі; жария қорғауға жіберілмейді деген қорытынды қамтылуға тиіс.

21. Кеңейтілген отырыстың оң қорытындысын алғаннан кейін докторант Академия бастығының атына өзін қорғайтын диссертациялық кеңесті таңдау туралы баянат береді. Докторант үшін тиісті мамандық (кадрлар даярлау бағыты) бойынша басқа ЖОО-ның диссертациялық кеңесін таңдауға жол беріледі.

Егер докторант басқа ЖОО-ның диссертациялық кеңесін көрсетсе, онда 10 (он) жұмыс күні ішінде Академия докторанттың құжаттарын өзі таңдаған диссертациялық кеңеске жібереді. Докторант қорғау үшін таңдаған ЖОО-да тиісті білім беру ұйымы бекіткен тәртіппен кеңейтілген отырыс өткізуге жол беріледі.

22. Кеңейтілген отырыстың оң қорытындысын алғаннан кейін докторант диссертациялық кеңеске мынадай құжаттарды ұсынады:

1) диссертациялық кеңес төрағасының атына қорғауға жіберу туралы өтініш;

2) жұмыс орны бойынша мөрмен расталған ғылыми консультанттардың пікірлері;

3) кеңейтілген отырыстың оң қорытындысы;

4) қатты мұқабалы диссертациялық жұмыс 5 данада және электрондық тасығышта (шектеу белгісі болған кезде электрондық тасығыш қоса берілмейді);

5) қазақ, орыс, ағылшын тілдеріндегі аннотация. Аннотацияда диссертациялық зерттеудің тақырыбы, мақсаты, зерттеу міндеттері, зерттеу әдістері, қорғауға шығарылатын негізгі ережелер (дәлелденген ғылыми гипотезалар және жаңа білім болып табылатын басқа тұжырымдар), зерттеудің негізгі нәтижелерінің сипаттамасы, алынған нәтижелердің жаңалығы мен маңыздылығының негіздемесі, ғылымның даму бағыттарына немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі, докторанттың әрқайсысын дайындауға қосқан үлесінің сипаттамасы сипатталған жарияланымдар;

6) Академияның Ғылыми кеңесінің ғылыми хатшысы куәландырған ғылыми еңбектердің тізімі және олардың көшірмелері;

7) осы Ереженің 2-қосымшасына сәйкес зерттеу объектілерінің (тірі табиғат және тіршілік ету ортасы объектілерінің) құқықтарын, қауіпсіздігі мен әл-ауқатын қорғауды қоса алғанда, ғылыми зерттеулердің нәтижелерін жоспарлау, бағалау, іріктеу, жүргізу және тарату процесінде бұзушылықтардың болмауы туралы докторант оқыған Академияның әдеп комиссиясының қорытындысы;

8) мемлекеттік құпияларды немесе қызметтік пайдалану үшін мәліметтерді қамтитын диссертациялар үшін «ұлттық мемлекеттік ғылыми-техникалық сараптама орталығы» акционерлік қоғамынан (бұдан әрі – ҰМФТСО) отандық және халықаралық деректер базалары бойынша плагиаттың жоқтығы туралы анықтама плагиатқа тексеру жөніндегі комиссияның қорытындысы;

9) диссертациялық кеңес төрағасының атына докторант оқыған ЖОО бланкісіндегі ілеспе хат (егер докторант қорғауды жүргізу жоспарланып отырған ЖОО-да оқымаған жағдайда).

Осы тармақта көрсетілген құжаттарды тіркеуді диссертациялық кеңестің ғылыми хатшысы жүзеге асырады және оларды кемінде 2 (екі) жұмыс күні мерзімінде диссертациялық кеңеске ұсынады.

Диссертацияны қорғауға қабылдау жөніндегі диссертациялық кеңестің отырысында кеңестің тұрақты құрамы үлгілік ереженің 5-тармағының талаптарына сәйкес диссертациялық кеңестің уақытша мүшелерін тағайындай алады.

23. Құжаттарды қабылдаған күннен бастап 10 (он) жұмыс күнінен кешіктірмей диссертациялық кеңестің отырысы өткізіледі, онда қаралып отырған диссертациялық зерттеу саласындағы маман болып табылатын диссертациялық Кеңес мүшелерінің арасынан тәуелсіз сарапшы тағайындалады.

Сарапшы 14 (он төрт) жұмыс күні ішінде диссертациялық жұмыстың 2011 жылғы 31 наурыздағы ҚР БҒМ дәрежелерін беру қағидаларының 5-тармағына сәйкестігін көрсететін қорытынды береді. Сәйкес келмеген жағдайда жұмыс пысықтауға қайтарылады.

Сараптамалық қорытындыда:

- 1) ізденуші оқыған мамандықтың тақырыбы мен диссертациясының сәйкестігі;
- 2) зерттеу тақырыбының өзектілігі;
- 3) ғылыми нәтижелер және олардың негізділігі;
- 4) ғылыми нәтижелердің практикалық және теориялық маңыздылығы;
- 5) диссертацияның қағидалардың 5,6,7-тармақтарының талаптарына сәйкестігі;
- 6) ескертулер мен ұсыныстар;
- 7) рецензенттер мен ғылыми консультанттардың бір-бірінен тәуелсіздігі қағидатын ескере отырып, қаралатын диссертация бойынша ресми рецензенттерді тағайындау туралы ұсыныс;
- 8) диссертацияны қорғауға қабылдау немесе қабылдаудан бас тарту туралы диссертациялық кеңеске ұсыным.

Сарапшының қорытындысы негізінде диссертациялық кеңес өз отырысында диссертацияны қабылдау немесе қабылдаудан бас тарту туралы шешім шығарады.

Диссертацияны қорғауға қабылдау жөніндегі диссертациялық кеңестің отырысында кеңестің тұрақты құрамы осы Ереженің 4-тармағының талаптарына сәйкес диссертациялық кеңестің 3 (үш) уақытша мүшесін тағайындайды.

Диссертациялық кеңес құжаттарды қабылдаған күннен бастап 10 (он) жұмыс күнінен кешіктірмей диссертацияның қорғалған күнін айқындайды және ғылыми дәрежесі (ғылым докторы, ғылым кандидаты, философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор) немесе философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор академиялық дәрежесі немесе философия докторы дәрежесі бар екі ресми рецензентті тағайындайды (PhD), бейіні бойынша доктор. Рецензенттерде Комитеттің және/немесе Web of Science Core Collection (Сайнс Кор collection веб-сайты) немесе Scopus (Скопус) және/немесе шетелдік рецензияланатын басылымдар басылымдарының тізбесіне енгізілген журналдарда докторанттың

зерттеу саласындағы 5 (бес) ғылыми мақаласы немесе 1 (бір) монографиясы (жеке жазылған) болады.

Қорғау күні тағайындалған күннен бастап 3 (үш) айдан аспайды. Қорғау күнін белгілеу кезінде докторанттардың құжаттарының түсу кезектілігі сақталады.

Ресми рецензенттерді тағайындау кезінде диссертациялық кеңес рецензенттердің, ғылыми консультанттардың бір-бірінен тәуелсіздігі қағидатын басшылыққа алады.

Ресми рецензенттер болып тағайындалмайтындар:

- 1) комитет қызметкерлері;
- 2) диссертация тақырыбы бойынша жарияланған жұмыстар бойынша докторанттың бірлескен авторлары;
- 3) докторант тапсырыс беруші немесе орындаушы (бірлесіп орындаушы) болып табылатын диссертация орындалған және (немесе) ғылыми-зерттеу жұмыстары жүргізілетін ЖОО және (немесе) ғылыми ұйымның құрылымдық бөлімшелерінің басшылары мен қызметкерлері;
- 4) соңғы 3 (үш) жылда диссертацияның мазмұны жөніндегі комитеттің теріс шешімін алған, диссертациялар бойынша оң қорытынды берген ғылыми консультанттар немесе ресми рецензенттер болған мамандар;

5) жақын туыстары – ата-аналары (ата-анасы), балалары, асырап алушылары, асырап алынғандары, ата-анасы бір және ата-анасы бөлек аға-інілері мен апа-сіңлілері, атасы, әжесі, немерелері.

24. Диссертациялық кеңес Академияның интернет-ресурсында докторанттарды қорғау және кеңес қызметі туралы мынадай материалдарды (мемлекеттік құпияларды немесе қызметтік пайдалануға арналған мәліметтерді қамтитын материалдар мен диссертациялардан басқа) орналастырады:

1) докторант, диссертациялық кеңестің уақытша мүшелері және ресми рецензенттер туралы ақпаратты, диссертацияны ұсыну нысанын, мекенжайын, күні мен уақытын (қорғаудың белгіленген күнінен 1 (бір) ай бұрын, тұрақты негізде қолжетімді) көрсете отырып, алдағы қорғау туралы хабарлама болады (11-қосымшаға сәйкес);

2) диссертацияны (қорғаудың белгіленген күнінен 1 (бір) ай бұрын), сондай-ақ диссертациялық кеңестің ескертулері бойынша титул парағында тиісті белгілері бар оның барлық пысықталған нұсқалары (тұрақты негізде қол жетімді болады);

3) жалпы көлемі 15 беттен аспайтын қазақ, орыс, ағылшын тілдеріндегі аннотация (қорғаудың белгіленген күніне дейін 1 (бір) ай бұрын). Аннотацияда диссертациялық зерттеудің тақырыбы, мақсаты, зерттеу міндеттері, зерттеу әдістері, қорғауға шығарылатын негізгі ережелер (дәлелденген ғылыми гипотезалар және жаңа білім болып

табылатын басқа тұжырымдар), зерттеудің негізгі нәтижелерінің сипаттамасы, алынған нәтижелердің жаңалығы мен маңыздылығының негіздемесі, ғылымның даму бағыттарына немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі, докторанттың әрқайсысын дайындауға қосқан үлесінің сипаттамасы сипатталған жарияланымдар болады;

4) докторант жарияланымдарының тізімін (қорғаудың белгіленген күнінен 1 (бір) ай бұрын) (10-қосымшаға сәйкес);

5) ғылыми консультанттардың (қорғаудың белгіленген күнінен 1 (бір) ай бұрын) қорғаудан кейін кемінде 5 (бес) ай ішінде қол жетімді пікірлері;

6) ресми рецензенттердің пікірлері (қорғаудың белгіленген күніне дейін 5 (бес) жұмыс күні бұрын) (3-қосымшаға сәйкес);

7) қорғаудың толық көлемде бейнежазбасына, монтаждауға жол берілмейді (қорғалғаннан кейін 5 (бес) жұмыс күні ішінде орналастырылады және қорғалғаннан кейін кемінде 5 (бес) ай ішінде қолжетімді болады);

8) диссертациялық жұмысты пысықтауға, қайта қорғауға жіберу туралы немесе философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор дәрежесін беруден бас тарту туралы диссертациялық кеңестің қорытындысы (қорғаудан кейін 5 (бес) жұмыс күні ішінде орналастырылады және қорғаудан кейін кемінде 5 (бес) ай ішінде қолжетімді болады);

9) апелляциялық комиссияның шешімі (бар болса, шешім қабылданғаннан кейін 5 (бес) жұмыс күні ішінде орналастырылады және шешім қабылданғаннан кейін кемінде 5 (бес) ай ішінде қолжетімді болады);

10) осы Ереженің 1-қосымшасына сәйкес диссертациялық кеңестің жұмысы туралы есеп (күнтізбелік жыл аяқталғаннан кейін 15 (он бес) жұмыс күні ішінде орналастырылады);

11) қорғауды өткізу күнін, уақытын, орнын өзгерту туралы және ресми рецензенттерді ауыстыру туралы хабарландыру (бар болса);

12) диссертациялық кеңестің құрамы туралы ақпарат және диссертациялық кеңес қызметінің тәртібі;

13) сілтеме жасалмаған бөтен материалды пайдаланғанын анықтаудың лицензиялық жүйесінің болуы туралы, оның ішінде қолданылу мерзімдерін көрсете отырып, халықаралық деректер базасы бойынша ақпарат;

14) докторант оқыған ЖОО-ның этикалық комиссиясының (осы Ережеге 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша) зерттеу объектілерінің (тірі табиғат объектілері мен мекендеу ортасының) құқықтарын, қауіпсіздігі мен әл-ауқатын қорғауды қоса алғанда, ғылыми зерттеулердің нәтижелерін жоспарлау, бағалау, іріктеу, жүргізу және тарату процесінде бұзушылықтардың жоқтығы туралы қорытындысы;

15) бейнеконференция нысанында isline (онлайн) диссертациялық кеңестің отырысын өткізуді ұйымдастыру жөніндегі ақпарат.

25. Диссертацияны Академияның интернет-ресурсында орналастыру кезінде авторлық құқықты қорғау қамтамасыз етіледі, диссертация материалдарын заңсыз көшіруден және одан әрі пайдаланудан қорғау технологиялары қолданылады. Диссертациялық жұмыс Академияның интернет-ресурсында орналастырылғаннан және/немесе диссертацияға қабылданғаннан кейін (Мемлекеттік құпияларды немесе қызметтік пайдалануға арналған мәліметтерді қамтитын диссертациялар қорғалған жағдайда) диссертация мәтініне өзгерістер енгізуге жол берілмейді. Диссертациялық жұмыс пысықталған жағдайда оның соңғы нұсқасы «диссертациялық жұмыстың соңғы нұсқасы» деген белгімен философия докторы (PhD) немесе бейіні бойынша доктор дәрежесін беру туралы шешім қабылданғаннан кейін Академияның интернет-ресурсында орналастырылады.

Академияның интернет-ресурсында диссертацияның мазмұны бойынша бейресми пікірлерді одан әрі қорғауда ұсына отырып орналастыру мүмкіндігі қамтамасыз етіледі. Авторлықты анықтау мүмкін емес және автордың электрондық мекен-жайы жоқ бейресми шолулар қорғауға ұсынылмайды.

26. Алдағы қорғау туралы хабарламаны диссертациялық кеңес қорғауға қабылданған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде Комитетке жібереді, сондай-ақ алдағы қорғау туралы ақпарат Комитеттің интернет-ресурсында келіп түскен күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде орналастырылады (мемлекеттік құпияларды немесе қызметтік пайдалануға арналған мәліметтерді қамтитын материалдар мен диссертациялардан басқа).

27. Диссертациялық кеңес қорғауға қабылданғаннан кейін 10 (он) жұмыс күні ішінде докторанттың отандық және халықаралық Деректер базалары бойынша плагиатты пайдалануын тексеру үшін диссертацияны ұлттық мемлекеттік ғылыми-техникалық сараптама орталығына (бұдан әрі – ҰМFTCO) жібереді. Плагиат үшін мұқаба беті мен пайдаланылған дереккөздердің тізімі тексерілмейді.

ҰМFTCO-на түскен күнінен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде диссертация мәтінін өзінің интернет-ресурсында ашық қолжетімділікте орналастыруды қамтамасыз етеді. Диссертация тұрақты негізде қол жетімді болады.

Докторанттың материалдарын сілтеме жасамай пайдалануына мемлекеттік құпияларды немесе қызметте пайдалану үшін мәліметтерді қамтитын диссертацияларды тексеруді Академияның плагиатына тексеру жөніндегі комиссия жүргізеді.

28. Диссертацияның қағаз және (немесе) электрондық жеткізгіштердегі данасы Академия кітапханасына беріледі. Диссертацияның даналарын электрондық жеткізгіштегі 7 (жеті) жұмыс күні ішінде диссертациялық кеңестің ғылыми хатшысы Қазақстан Республикасының Ұлттық академиялық кітапханасына және Қазақстан Республикасының Ұлттық кітапханасына (мемлекеттік құпиялар мен қызметтік пайдалануға арналған мәліметтерді қамтитын диссертациялардан басқа) береді.

29. Ресми рецензенттер диссертацияны және жарияланған жұмыстарды зерделеу негізінде диссертациялық кеңеске осы Ереженің 3-қосымшасына сәйкес нысан бойынша жазбаша пікірлер ұсынады.

Диссертацияны мақалалар сериясы түрінде қорғаған жағдайда, ресми рецензенттер зерттеу тақырыбы бойынша докторанттың әрбір мақаласының ғылыми деңгейіне түсініктеме береді. Егер мақаланың мазмұнының 2/3 (үштен екісі) немесе одан да көп бөлігі докторанттың зерттеу тақырыбымен байланысты болмаса, ресми рецензент оны есепке алмайды.

Пікірлерде ресми рецензентер келесі шешімдердің бірін көрсетеді:

1) докторантқа философия докторы (PhD) немесе бейіні бойынша доктор дәрежесін беру үшін Комитет алдында өтініш жасауға құқылы;

2) егер диссертация қағидалардың 4 және (немесе) 6-тармақтарына сәйкес келмеген және (немесе) ішінара қағидаттарға (Академиялық адалдық қағидатын қоспағанда) сәйкес келген жағдайда және (немесе) оған түзетуді талап ететін ескертулер болған жағдайда (диссертацияны мақалалар сериясы нысанында қорғау жағдайларынан басқа) пысықтауға жіберіледі диссертация;

3) Академиялық адалдық қағидаты бұзылған немесе ғылыми жаңалық, ішкі бірлік және шынайылық қағидаттарына сәйкес келмеген жағдайда философия докторы (PhD) немесе бейіні бойынша доктор дәрежесін беруден бас тартуға құқылы.

Рецензент диссертацияны қағидалардың 4 және (немесе) 6-тармақтарына сәйкес келмеген және (немесе) қағидалардың 5-тармағында көрсетілген қағидаттарға (Академиялық адалдық қағидатын қоспағанда) ішінара сәйкес келген және (немесе) оған түзетуді талап ететін ескертулер болған жағдайда пысықтауға жіберуді ұсынады. Академиялық адалдық қағидаты бұзылған немесе ғылыми жаңалық, ішкі бірлік, шынайылық қағидаттарына сәйкес келмеген жағдайда рецензент кеңеске философия докторы (PhD) немесе бейіні бойынша доктор дәрежесін беруден бас тартуды ұсынады.

Ресми рецензенттердің пікірлерінің көшірмелері докторантқа диссертация қорғалғанға дейін 5 (бес) жұмыс күнінен кешіктірілмей тапсырылады.

Ресми рецензенттерді ауыстыру жазбаша бас тартылған немесе рецензиялауды жүзеге асыру мүмкін болмаған жағдайда жүргізіледі. Егер ресми рецензентті ауыстыру туралы шешім 5 (бес) жұмыс күнінен аз уақытта қабылданса, онда қорғау күні кейінге қалдырылады.

30. Академияның интернет-ресурсында ресми рецензенттердің пікірлерінде және бейресми пікірлерде ҰМҒТСО анықтамасында көрсетілген плагиат фактілері болған кезде диссертациялық кеңестің шешімімен докторанттың ғылыми зерттеулер саласындағы мамандар болып табылатын диссертациялық кеңестің 3 (үш) мүшесінен тұратын диссертациялық кеңестің комиссиясы құрылады. Диссертациялық кеңестің комиссиясы диссертацияны плагиатқа тексеруді жүзеге асырады. Тексеру нәтижелері туралы қорытынды диссертация қорғалғанға дейін 8 (сегіз) жұмыс күнінен кешіктірілмей диссертациялық кеңеске ұсынылады.

31. Диссертациялық кеңес комиссиясының қорытындысы негізінде (қорғауға дейін 7 (жеті) жұмыс күнінен кешіктірмей) докторантты қорғауға жіберу туралы шешім қабылдайды немесе диссертацияны қорғаудан алып тастайды. Қабылданған шешім туралы диссертациялық кеңес докторантқа 2 (екі) жұмыс күні ішінде хабарлайды, сондай-ақ тиісті ақпарат Академияның интернет-ресурсында орналастырылады (мемлекеттік құпияларды және қызметтік пайдалануға арналған мәліметтерді қамтитын диссертацияларды қорғау жағдайларын қоспағанда).

Докторанттың диссертацияны қорғаудан алып тастау мүмкіндігі бар, бірақ ол қорғалғанға дейін 7 (жеті) жұмыс күнінен кешіктірмей.

32. Ғылыми кеңесші болып табылатын докторанттың диссертациясы қаралған жағдайда, төраға, төрағаның орынбасары және ғылыми хатшы диссертациялық кеңестің отырысында өз міндеттерін орындай алмайды. Диссертациялық Кеңес төрағасының міндеттерін орындау төрағаның орынбасарына, төрағаның орынбасары мен ғылыми хатшының міндеттерін орындау диссертациялық кеңестің шешімімен мүшелерге жүктеледі.

Төраға, төрағаның орынбасары және ғылыми хатшы бір мезгілде болмаған жағдайларда диссертациялық кеңестің отырысы өткізілмейді.

Диссертациялық кеңес диссертацияны қорғаудың бейнежазбасын толық көлемде қамтамасыз етеді, монтаждауға жол берілмейді.

33. Диссертациялық кеңестің отырысы, егер оның жұмысына оның мүшелерінің кемінде 2/3 (үштен екісі) қатысса, заңды деп есептеледі.

Диссертациялық кеңестің ресми рецензенттері мен уақытша мүшелерінің отырысына қатысу міндетті болып табылады.

Диссертациялық кеңестің мүшелері мен ресми рецензенттерге қорғауға бейнеконференция түрінде қатысуға рұқсат етіледі.

Диссертацияны көпшілік алдында қорғау интернет желісінде тікелей онлайн трансляция режимінде жүргізіледі. Мемлекеттік құпияларды немесе қызметтік пайдалануға арналған мәліметтерді қамтитын диссертациялар қорғалған жағдайда диссертациялық Кеңес мүшелері мен ресми рецензенттердің бейнеконференция нысанында қатысуына, сондай-ақ интернетте таратылуына жол берілмейді.

Шақырылған практикалық сала мамандарының отырысына қатысуға рұқсат етіледі (егер диссертация қолданбалы сипатта болса), диссертациялық кеңес докторантты, диссертациялық кеңестің мүшелерін, ресми рецензенттерді диссертациялық кеңестің отырысын өткізу туралы бейнеконференция нысанында диссертацияны қорғаудан кемінде 5 (бес) жұмыс күні бұрын электрондық пошта және кеңес сайтында хабарландыру арқылы хабардар етеді.

Диссертациялық кеңестің отырысын өткізу кезінде бейнеконференция нысанында келесілер қамтамасыз етіледі:

отырысқа қатысушыларды көрнекі сәйкестендіру;

отырысқа қатысушылардың сөйлеген сөздерін интернет желісінде үздіксіз бейне және аудио трансляциялау;

отырыстың бейне және аудиожазбасы;

диссертациялық кеңес мүшелерінің жасырын дауыс беруі.

34. Диссертацияны қорғау жөніндегі диссертациялық кеңес отырысының рәсімі мыналарды қамтиды:

